

Көшеп атауларын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Шу ауданы Төле би ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 18 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 ақпанды № 2950 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтініндегі түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Төле би ауылдындағы Саттар Еstemесов көшесіне солтүстік жағынан қатарлас жатқан Саттар Еstemесов көшесінің атауы Шолпанқұл Ибрагимұлы болып өзгертилсін.

Төле би ауылдындағы Жауғаш батыр көшесіне шығыс жағынан қатарлас жатқан Жауғаш батыр көшесінің атауы Әбдамит Омарбекұлы болып өзгертилсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Төле би ауылдық округі әкімінің орынбасары Б.Асатовқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төле би ауылдық
округінің әкімі*

E. Даберов